ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

27.01.2026 № 01-01-11/0330

«Талпын жүрек» мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестігі
Шымыркулов Е.Н.
Email: yelumiti@mail.ru

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) «Мемсараптама» РМК Оңтүстік өңірі бойынша филиалының әкімшілік ғимараттары мен іргелес аумақтарын күтіп-ұстау жөніндегі қызметтердің мемлекеттік сатып алу №15891481-1 (лот №81944401-ОК1) сатып алуға қатысты 2026 жылғы 21 қаңтардағы №275010 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағында тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы баптың 1-тармағында көзделген шағым беру мерзімі өткен күннен кейін үш жұмыс күні ішінде шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдау туралы міндеттемесі көзделген.

Мәселен, «Әлеуетті жеткізушінің бенефициарлық иелігі туралы ақпарат» бөлімінде (әлеуетті жеткізуші толтыратын) (4-қосымша) «Бенефициарлық иеленушінің жеке басын куәландыратын құжат (құжаттың нөмірі мен берілген күнін көрсету)» бағанындағы мәліметтерде жоғарыда аталған әлеуетті жеткізуші жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірінің орнына байланыс деректерін (ұялы телефон нөмірін 87074561475) қате көрсеткені анықталды. Бұл құжатты берудің жазылған күнінің (2025 жылғы 19 мамыр) нақты деректерге сәйкес келуімен расталады.

Конкурсқа қатысушы «Акишева» жеке кәсіпкері ұсынған конкурстық құжаттаманы зерделеу барысында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі берген 2025 жылғы 19 мамырдағы №059610221 жеке куәліктің PDF форматында бар екендігі анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 214-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім, егер онда конкурсқа қатысуға

ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес деп танылады.

Тиісінше, «Акишева» ЖК жіберген қате, мәліметтерді қате көрсету бөлігінде, ұсынылған өтінімнің мәніне әсер етпейтін грамматикалық қате болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Акишева» ЖК әлеуетті жеткізушісінің өтінімі негізді түрде қабылданды (2026 жылғы 19 қаңтардағы № 16574442 қорытынды хаттамасы).

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, осы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін екендігін Сіздің назарыңызға жеткіземіз.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"

Орын.: Бейсенбаев Д.К.
Тел.: 23-50-18

Оспанов Ж.К.
Руководитель комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"

Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"

Бейсенбаев Д.К.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"